



EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
КАЗАҚ ҮЛПТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

HERALD

OF JOURNALISM

3(45) 2017

ISSN 1563-0242
Индекс 75869; 25869

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ХАБАРШЫ

Журналистика сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия журналистики

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

HERALD

of journalism

№3 (45)

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Ж. Әбдіжәділқызы

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: journalist_teoretic@mail.ru

АҚПАРАТ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНААИСТИКАДАҒЫ РЕЖИССУРА ӨНЕРІ

Мақалада тележурналистикадағы режиссуралар онерінің негізгі мәселелері қарастырылып, «телеқебет», «телеумүкіндік» және «телекенестік» үғымдарына түсніктеме беріледі. Автор телевизияның қоғамдағы роліне талдау жасап, қазіргі заманғы теледраматургия классификациясын ұсынады. Негізінен, телевизиядағы деректі – көркем, яғни, көркем-публицистикалық туындылар болып табылатын теледебаттың, ток-шоу мен реалитишоудың, телесаралтама мен журналистік зерттеулердің, сондай-ақ, интерактивті бағдарламалардың режиссуралық құрылымына ғылыми-теориялық түрғыда сипаттама беріледі. Теледраматургиядағы журналистік тіл, актерлік шеберлік, режиссерлік шеберлік, көсемсөз қысындары, медиадизайн, музыкалық шешім тәрізді кәсіби қызмет қызларды туралы баяндалады. Теледраматургияның психологиялық аспекттері тәртіп пен тіл түрғысынан жүйеленіп, тәртіп – денсаулық, мінез, интуиция, эмоция құбылыстарын, тіл – дикция, интонация, үн әуезділігі, сез саптауы, ұлттық үн үрдісі құбылыстарын қамтиды. Телевизиялық драматургиядағы тіл мәдениеті екі бағытта дамиды. Бірінші бағыт – көркем телетұндылардағы көркем тіл. Ал екінші бағыт – тікелей эфирде отетін журналистік хабарлар мен бағдарламалардағы көсемсөз тілі. Түптеп келгенде, автор: «тележурналистикадағы режиссуралар – экрандағы халықтық трибуна, саясат алаңы, қоғамдық қозқарас кешені болып табылатын кәсіби-шығармашылық, құбылыс» деген тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: «телеқебет», «телеумүкіндік», «телекенестік», «теледрама», «телеқұбылыс», «тевизиялық, ықпал».

Ж. Абдижадилқызы

кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы, e-mail: journalist_teoretic@mail.ru

Мир информации и искусство режиссуры в тележурналистике

В статье рассматриваются основные вопросы искусства режиссуры тележурналистики, дается интерпретация понятиям «телеобраз», «телефизможность» и «телепространство». Автор анализирует роль телевидения в обществе и предлагает классификацию современной теледраматургии. В основном дается научно-теоретическая характеристика структуры теледебатов, ток-шоу и реалитишоу, телеаналитики и журналистского расследования, а также интерактивных программ, которые считаются документально-художественными, то есть художественно-публицистическими произведениями. Рассказывается о профессиональных аспектах теледраматургии как актерского мастерства, режиссерских навыках, публицистическом стиле, медиадизайне и музыкальном решении. Психологические аспекты теледраматургии включают в себя дисциплину и язык. Дисциплина предполагает здоровье, поведение, интуицию, эмоцию, а язык – интонацию, гармонию звуков, словарный запас и национальный этalon голоса. Языковая культура в телевизионной драматургии развивается в двух направлениях: первое – художественный язык в художественных телепроизведениях, второе – язык журналистских программ прямого эфира. В конечном счете автор приходит к выводу, что «режиссура в телевизионной журналистике представляет собой профессионально-творческий феномен, который является публичной трибиной, политической платформой, общественным видением на экране».

Ключевые слова: «телеобраз», «телефизможность», «телепространство», «теледрама», «телеявление», «телеэвлияние».

Zh. Abdzhadilkizi

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: journalist_teoretic@mail.ru

The world of information and art directing in television journalism

The article discusses the main reason of directing television journalism, provides interpretation of the concepts of "TV image", "TV opportunity" and "Television". The author analyzes the role of television in society and proposes the modern classification of TVdramaturgy. In general, scientific and theoretical characteristics are given to the structure of the TV debate, talk shows and reality show, television analytics and journalistic investigation, as well as interactive programs that are considered documentary and artistic, that is, artistic and publicism works. It tells about professional aspects of TV drama as acting, directing skills, publicistic style, media design and musical decision. Psychological aspects of tele-dramaturgy include discipline and language. Discipline presupposes health, behavior, intuition, emotion, and language – intonation, harmony of sounds, vocabulary and national standard of voice. Language culture in television drama develops in two directions: the first is the artistic language in the artistic television productions, the second is the language of the journalistic programs of the live broadcast. Eventually the author comes to the conclusion that "the direction in television journalism is a professional and creative phenomenon, which is a public platform, a political platform, a public vision on the screen."

Key words: "TV image", "TV opportunity", "Television", «Teledrama», «Influence in TV», «Phenomenon in TV».

*Сөз бен қылыш жылдың көңілді сұйытады,
сүйк көңілді жылыштыады.*

Fабиден Мұстафин

Кірісне

Тележурналистикадағы режиссура өнері туралы айтпас бүрын телевизияның театр, радио, кино іспетті салалардың басын қосып, өнер мен журналистиканы ұштастырган синтездік дүние, сонымен қатар, шешендік өнер, актерлік шеберлік, интерактивті телекөпір тәсілі арқылы әлемдік масштабтағы қала мен қаланың, ауылдағы көпшіліктің, билік пен халықтың арасын байланыстырып, ақпараттық, мәдени-ағартушылық, әлеуметтік-басқарушылық, ұйымдастыруышылық, рекреативті, интеграциялық, білім берушілік сынды жеті бірдей функцияны атқарып, жер мен көктің аясындағы барлық тіршілікті алақанына сыйғызып, алдымызға тосатын БАҚтың алпауыт бір арнасы болып табылатынын ескереек, сол сан-салалы кең ауқымды күбылысттан туындайтын өзіндік өнер тармақтарының қалыптасып, даму үстінде екенинен көз жеткіземіз. «Телевизияның адамдардың басын қосудағы, оларды бір-бірімен ұштастырып, кездестірудегі ролі мен қызметі барған саяын қарыштап дами береді, ерісі кеңейіп, ауқымы арта түседі» [1] деп жазған екен осыдан бүрын қазақ телевизиясының негізін қалап, кәсіби деңгейде өркендеуіне тікелей атсалысқан қайраткер-журналист Камал Смайлов. Телевизия, кино саласының келешегін көрегендік-

пен кесіп айтқан кемеңгер-қаламгердің айтқаны уақыт аясындағы ақыятқа айналуда. Өйткені. «телевизия – экран мен көрермен, ақпарат пен тұтынушы қарым-қатынасын жүзеге асыратын қарапайым нәрсе емес, ол – шалғай жерлер мен шартаралтағы аракашықтықтың алтын копірі іспетті қозғалыстағы бейне мен дыбыс арқылы тікелей трансляцияны қамтамасыз ететін бүтін бір байланыс жүйесі» деген тұжырым жасайтын зерттеуші Константин Ковалев-Случевский [2]. «Телевизия – орасан зор ықпал ету аланы» [3] деп дәрілтейді атакты ресейлік тележүргізуши Андрей Максимов. Телевизиялық драматургияның режиссурасы – ерекше күрделі кәсіби процес. Теледраматургия көркем шығарманы экран түнінде ұластырудагы қындықтарымен ершеленіп қана қоймайды, сонымен қатар, телевізіондеріндегі тікелей эфир кезінде өлшеп-пішүге, алдын ала есептеуге келмейтін қайталанғандағы күбылыс ретінде айрықшаланатын журналистік қызмет. Сондықтан да бұкарапалық теледраматургиясында режиссерлік шешім айрым рөлінде атқарады.

Негізгі болім

Телетүнінде – ең алдымен, идея, жоба – жаңы еңбегінің жемісі. Телесценарий – телетүнінде қағазға түсірілген нұсқасы. Тележурналистикадағы режиссураның түп тәсілі – «телесценарий» ұғымынан бастау алатын «сценарий» ұғымының өзі театр саласынан келгені белгілі. Сол қағазға түсірілген сценарийнің шығармашылық процесі екі кезеңде болады.

тұратындығына байланысты екі түрі болады. Бірінші кезеңде журналист шынайы болмысты, яғни, өмірлік материалдарды ой елеғінен өткізіп, шығармашылық тұргыда ондеп, болашақ экрандық туындының мәтіндік сипаттамасын баяндап шығады. Сценарийдің бұл түрі теориялық тұргыда әдеби, ал тележурналистиканың кәсіби тілінде **журналистік сценарий** деп аталады. Ал екінші кезеңде сол мәтіндік сипаттаманы экрандық нұсқаға айналдыру процесін көріністік тұргыда кадрлер желісінің тізбегімен және кейіпкерлердің қимыл-қозғалыс, іс-әрекетімен суреттеп беретін сценарий жазылады. Әдетте, бұл сценарий жұмыс сценарийі болып есептеледі. Ал тележурналистика теориясы тұргысында **режиссерлік сценарий** деп аталады. Теледраматургияның жанрлық-пішіндік ерекшеліктері актерлардың технология аясында сан алуан өзгерістерді бастан кешіріп, әрдайым даму үстінде. Біріншіден, телевизиялық драматургияның жанрлық ерекшеліктері бұқаралық сипаттымен дараланды. Екіншіден, интерактивтілігімен, яғни, кері байланыска құрылатындығымен ерекшеленеді. Үшіншіден, пікір алуандығымен, яғни, әртүрлі көзқарастар аясындағы дауга құрылатындығымен сипатталады. Демек, бұқаралық теленоу теледебат, телевизиялық баспасоз мәслихаты жанрлары мен ток-шоу, дөңгелек стол басындағы әңгіме пішіндерін қамтиды. Телевизиялық драматургия көрілдір экрандағы тақырыптық, әлеуметтік және жарнамалық роликтерден бастап, ток-шоуларды, теледебаттарды, сатираптық бағдарламаларды, ақыр аяғында телевизиялық коркем фильмдерге дейін қамтиды. Теледраматургия аясында журналистік тіл, актерлік шеберлік, режиссерлік шеберлік, көсемсөз қисындары, медиадизайн, музыкалық шешім біртұтас күбылысқа айналуы – шарт. Соңдықтан да телевизиялық драматургия – өнер ерісі, оның сан-салалы тармактары бар. Соның бірі – рольде ойнау, екіншісі – теледрама шенберіндегі тірелген тұйықтан шығу, тележурналистиканың кәсіби принциplerі бойынша дұрыс шсшім қабылдау. Рольде ойнау күбылысын екіге боліп қарастыруға тұра келеді: 1) Журналистің рольге енүі; (Бағдарлама тақырыбына, зерттеу объектісіне байланысты орындалатын рольдер); 2) Кейіпкердің рольде ойнауы; а) (Қоғамдағы саяси ахуал аясындағы атқаратын қызметіне байланысты: мысалы, сайлау алдындағы имиджін қалыптастырып, жүргітты дүрліктіру мақсатында Ғани Қасымовтың ваза сындырганы); ә) реалити шоудағы бастан кешетін оқиғалар желісінде т.с.с. телеви-

зиялық драматургия аясында сөз бостандығын иелену мүмкіндігі орасан зор.

Нәтиже

Кәсіби принцип тұрғысынан бұқаралық телешоу негізінен тікелей эфирде отеді. Ал тікелей эфирде откен бағдарлама аясында сөз бостандығын иелену журналистің кәсіби деңгейі мен шығармашылық шеберлігіне байланысты. Бірінші қисын: Бұқаралық телешоу жүргізуі «БАҚ туралы» заң мен «Тіл туралы» заңды, тележурналистиканың кәсіби заңдылықтарын басшылыққа алуы – шарт. Екінші қисын: Телешоу кері байланыска құрылатын болғандықтан тікелей эфир аясында халық өкілі колма-кол сауал қойып, жауап алып, пікір білдіре алады, ұсыныс жасай алады. Теледраматургиядағы режиссерлік позиция біріншіден, кәсіби этиканың сақталуынан, яғни, шындықты көрсете білу тапқырлығынан, екіншіден, саяси сауаттылығынан сөз бостандығын иелене білу қисындарын қалай менгергендігінен, үшіншіден, ұлттық мұддені ұстана білуі мен ұлттық құндылықтарды насиҳаттай білу шеберлігінен көрініс табады. Бұқаралық телешоу аясындағы экран этикасы біріншіден, телешоу жүргізуінің психо-лингвистикалық қызмет аясында, екіншіден, студиядағы көрермендер мен тікелей эфирге шыққан көрермендердің тіл қату процесінде сақталуы – шарт. Экран этикасын сақтаудағы бірінші басшылыққа алатын мәселе – тіл мәдениетін сақтау. Екінші мәселе – қимыл-қозғалыс, мәнердегі – әдептілік, сырпайлық, ізет. Телешоу міндетті тұрға студиядағы көрермендердің қатысуымен отеді. Соңдықтан да телешоу аясында студиядағы көрермендердін атқаратын функциясы мен ролі бар. Соңдықтан да телешоу көпшіліктің көкейіндегі журген мәселені қозғап, солардың көніл түкпіріндегі ой-пікір, ұсыныстарды ортаға салуға арналады. Тікелей эфирдегі телешоу уақытқа тәуелді. Соңдықтан да телешоу ұйымдастыру кезінде студияға шақырылатын көрермендердің тақырыпка сай таңдаған дұрыс. Сонымен катар, көрермендерді эфир этикасы мен экран эстетикасы тұрғысынан іріктеу кажет. Бұқаралық телешоудың тақырыптық жоспары мен сценарлық жобасы алдын ала жасалғанмен, тікелей эфирде етегін болғандықтан аяқ астынан өзгертуі мүмкін. Өйткені, тікелей эфирге қатысушылардың құрамы, теледебатқа шығатын кейіпкер күнделікті оқиға аясында сан алуан себептермен телешоуга қатысу мүмкіндігінен айрылып қалуы немесе аяқ астынан қатысудан бас тартуы мүм-

кін. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, тақырыптық жоспар мен сценарлық жоба уш деңгейде (нақты сол күнге жоспарланған; балама негізде белгіленген; резервтік, яғни, алдын ала түсіріліп, монтаждалып қойған) жоспарланып, жобалануы – шарт.

Ойталқы

Телевизиялық драматургиядағы тіл мәдениеті екі бағытта дамиды. Бірінші бағыт – көркем телетуындылардағы көркем тіл. Өзге тілден аударылатын фильмдердегі аударма тілі, т.с.с. Ал екінші бағыт – тікелей эфирде отетін журналистік хабарлар мен бағдарламалардағы көсемсөз тілі. Әлбетте, екеуі де әдеби нормага бағынатын көркем тіл аясында дамитыны белгілі. Бірақ, екі бағыттың да телевизия табиғатына тән заңдылықтары бар. Теледраматургияның психологиялық аспектілері тәртіп пен тіл тұрғысынан қарастырылады. Тәртіп деңсаулық, мінез, интуиция, эмоция құбылыстарын, тіл дикция, интонация, үн әуезділігі, сөз саптауы, ұлттық үн үрдісі құбылыстарын қамтиды. Телевизиялық драматургияның бір бағытына алдын ала жазылып, түсірілген, актерлер ойнаған көркем туындылар топтастырылса, екінші бір бағытында адамзат өміріндегі күнделікті болып жатқан оқигалар аясындағы фактілер мен құбылыстарды талқылауға арналған журналистік туындылар қамтылады. 1. Әдеби-көркем туындылар: а) көркем фильм. (**(монтаж)** ә) телеспектакль (**(сценарий)**); б) мультфильм (**(тележурналистиканың бейнелеуіші құралдары)**).

2. Деректі-коркем, яғни публицистикалық туындылар: а) Интерактивті (көрі байланысқа құрылған) бағдарламалар; ә) Теледебат; б) Ток-шоу; в) Реалити шоу; ғ) Деректі фильмдер; д) Журналистік зерттеулер; е) Телесараптама т.с.с.

Телевизиялық драматургия аясында жүзеге асатын аудиториямен қарым-қатынастың айрықша тәсілі, яғни көрі байланыстың жолға коятын кәсіби процесс. Бірінші қисы: БАҚ пен халық арасындағы алшақтықты жойып, тікелей тілдесу мүмкіндігіне жол ашады. Әсіресе, телевизиялық баспасөз мәслихаты кезінде қалың бұқара өзінің көптен жауабын таба алмаган сұраптарып қойып, қолма-қол нәтижеғе қол жеткізуі ықтимал. Екінші қисын: аудиториямен айрықша қарым-қатынас арқылы үйымдастырылған сауалнама нәтижесі мен рейтингтік көрсеткішті салыстыру арқылы мақсаттық аудиторияның ауқымы мен деңгейін анықтау жүзеге асырылады. Телевизиялық драматургияның халықтық сипаты оның көпші-

лікке бағытталатындығымен, қалың аудиторияга арналатындығымен ерекшелепеді. Сондықтан да, теледраматургияның аудиториясы ауқымды, шексіз. Телешоу аясындағы тақырыптар қоғамдағы маңызды, өзекті, откір проблемаларға арналатын болғандықтан әрдайым көпшілікті елең еткізетіні ақыкат. Оның үстіне, телешоулар көрі байланысқа құрылады. Соның нәтижесінде қарапайым халық тікелей эфир арқылы қоғамдық маңызы бар мәселелерге үн қоса алады. Телешоу табиғаты халықтық трибуна, саясат аланы, қоғамдық көзқарас кешені, қызу пікірталас реттінде танылатын журналистік құбылыспен сипатталады. Телешоуга студиядағы көрермендер ғана қатысып қоймайды, телевизияның интерактивтілігі негізінде экрандағы құбылыстырылған қадағаларап отырған қалың бұқара да өз ой-пікір, ұсыныстарымен қатыса алады.

Қорытынды

«Желілер жаңа құбылыс емес, жаңалық болып табылатын жағы олардың қоғамды үйымдастырудың ескі түріне жаңа мүмкіндіктер ұсынатын микроэлектроника тәрізді деректерді тарату технологияларына негізделуі»[4] деген тұжырым ақпараттық технология ағымында ғаламтордың аясына еніп кететін **теле-кеңестік пен телемүмкіндік** құбылыстарына тікелей қатысты. Бұрын арнайы қол қойылып, мөр басылған хаттармен, бірнеше адамға қоңырау шалып, арнайы рүқсат қағазды санаулы үнге ғана алып, сол уақыт аясында мемлекеттік мұрагаттан тауып, көруге болатын тарихи оқигалар мен танымал тұлғалардың телехроникалықтарын қазір интернет желісінен санаулы секундтар аясында тауып алып, қажетізігеп қарай пайдалануыңызға әбден болады. Әлбетте, қайdan алғаныңызды сілтеме арқылы көрсете де аласыз. Бұл ретте, «интерактивті тележурналистика жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа талаптар қоюда. Мультимедиалық технологияны менгеру әрбір журналист үшін маңызды қажеттілікке айналды»[5]. Сондықтан да, заманауи журналист (тек ғана телерадиожурналисте мес, кез келген саладағы журналист) үшін журналистиканың кәсіби өнімін, әсіресе, бейнелі, дыбыстық ақпаратты тарату тәсілдерін мультимедиасыз елестету мүмкін емес. Ал телемүмкіндіктің шегі жоқ (медицинадағы телеконферанс арқылы әр қаладағы мамандардың қатысуымен жасалатын операциялар), халық пен биліктің арасын жалғап, айтулы мәселелердің шешілуіне жол ашатын интерактивті телебағдарламалар, қайырымдылық шарасын

жүзеге асыратын телеакциялар, т.с.с. Осындай орасан зор телевизиялық оқиғаларға алдын ала жасалатын дайындық пен оларды жүзеге асыру барысында қалтқысыз қадағалап,

алға қойған нақты мақсатқа жетудің өзі тележурналистикағы режиссуралық менгерген маманның кәсіби шеберлігі нәтижесінде мүмкін болатын жемісті ецбек.

Әдебиеттер

- 1 Смайилов К. «Өнегелі өмір». – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. 79-б.
- 2 Ковалев-Случевский К. Тележурналистика XXI века. – М., 2012. – С. 7.
- 3 Максимов А. Журналист ТВ? Это просто! – СПб., 2017. – С. 36.
- 4 Саудбаев М. Элеуметтік жөлілер ұғымы мен оның заманауи желілік қоғамдағы алар орны» // ҚазҰУ хабаршысы журналистика сериясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017, № 2 (44) 52-б.
- 5 Барлыбаева С. Мультимедийная журналистика. «БАҚ мамандарын даярлау бастаулары және жаңа бағыттары» атты респубикалық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы. – Алматы, 2015. – С.19.

References

- 1 Smayilov. K. "Onegeli Omir". – Almaty: "Kazakh University", 2012. 79-b.
- 2 Kovalev-Sluchevsky K. Telejournalistika XXI veka. – Moskva, 2012. – s.7.
- 3 Maksimov A. TV Journalis? Etoprosto! Sankt-Petersburg. 2017. – s. 36
- 4 Saudbaeb M. Aleymettik jeliler ygimi men onin zamanayı gelilik kogamdagı alar orni//KazYU Xabarchysy jurnalistikaseriasy. – Almaty: «Kazax yuniversiteti»,2017. № 2 (44). 52-b.
- 5 Barlibaeva S. Myltimedinaiajornalistika «BAK mamandarindaiarlaybastaylarijanabagittari» attirespyblikalikgilimi – adistemelikkonferensiajinagi. – Almaty, 2015. – s.19

<i>Альжанова А.Б.</i> Ю. Скайлер и Я.Мак-Гахан о Казахстане второй половины XIX века.....	107
4-бөлім Раздел 4	
Электронды ақпарат құралдары	Электронные средства информации
<i>Мүсінова А.А., Оразбай А.</i> Специальный репортаж в программе «Главная редакция» на Коммерческом телевизионном канале.....	126
5-бөлім Раздел 5	
Баспа ісі және дизайн	Издательское дело и дизайн
<i>Муканова Г.К., Мергенбаева К.К., Серикбай Б.Ф.</i> Актуальные вопросы переподготовки специалистов в сфере издательства и распространения книг	135
<i>Батырханова Ж., Саяқбаева Г.</i> Орап-қаптау және оның даму тенденциясы	142
6-бөлім Раздел 6	
Жас ғалымдар мінбері	Трибуна для молодых ученых
<i>Оразова А.</i> Хат- тарихи дереккоз	148
<i>Әлімжанова А.</i> Мультимедиалық журналистикадағы контент мәселесі.....	154
<i>Сундетбаева С.</i> Идеологияның жүзеге асуындағы медиа рөлі	160
<i>Мұқышева К.</i> Қазақ дүниетанымындағы «Дала» ұғымының аясы	168